

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы N 197ае Қаулысы "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 420-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағаны реттік нөмірі 4-жол мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын :

"10) Қазақстан Республикасының Президенті Резиденциясының шағын типографиясы үшін есептеу жабдығы - 1 жиынтық; көшіру-көбейту жабдығы - 1 жиынтық; диктостанция - 1 жиынтық;"

2) көрсетілген қаулыға 425-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағаны "байланыс құралдарын" деген сөздерден кейін ", 1 бірлік - репитер; 1 бірлік - компьютер; 1 бірлік - принтер; 1 бірлік - көшіру-көбейту аппаратын" деген сөздермен толықтырылсын .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*